

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Инструкция: Вам предлагаются задания с одним правильным ответом из пяти предложенных. Выбранный ответ необходимо отметить на листе ответов путем полного закрашивания соответствующего кружка.

1. Ауыспалы мағыналы сөз
 - A) қисық ыдыс
 - B) қисық сөз
 - C) қисық ағаш
 - D) қисық жол
 - E) қисық бұтақ
2. Сын есімнен болған синонимдер қатары
 - A) дайындау, әзірлеу
 - B) сұрақ, сауал
 - C) өнді, келбетті
 - D) біреу, кейбіреу
 - E) әрең, әзер
3. Үнді дауыссыз бен қатаң дауыссыздан құралған мақал
 - A) Отанын сүйген отқа жанбайды.
 - B) Отан үшін күрес – ерге тиген үлес.
 - C) Ел іші – өнер кеніші.
 - D) Отанға опасыздық еткенің – өз түбіңе жеткенің.
 - E) Отан отбасынан басталады.
4. Қатаң әрі ұяң дауыссыз дыбысты қатар
 - A) т,с,у
 - B) б,в,д
 - C) ш,ж,л
 - D) п,ф,б
 - E) л,р,ң
5. Сын есімнен болған түбір сөз
 - A) мынау
 - B) ұрпақ
 - C) әдемі
 - D) түгіл
 - E) шапшаң
6. Есептік сан есім
 - A) Жүзінші
 - B) Бірер
 - C) Қырық
 - D) Екеу
 - E) Мыңнан

7. Бастауыш қызметіндегі сын есім
- A) Өнер білген өлмейді.
 - B) Өнерлі өлмес, өнерсіз күнкөрмес.
 - C) Өнерпаздың он қолы бар.
 - D) Өнерлінің қолы – алтын.
 - E) Өнерлінің өзегі талмас.
8. Сан есімнен болған толықтауыш
- A) Мың қосшыға бір басшы.
 - B) Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес.
 - C) Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл.
 - D) Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.
 - E) Ана – біреу, ағайын – алтау.
9. Есімдіктен жасалған анықтауыш
- A) Оспан мына қимылға сүйсініп кетті.
 - B) Көптің ісінде береке бар.
 - C) Оқыған кітаптарым мені іске бастады.
 - D) Талаптанғанның еңбегі жанады.
 - E) Үй іші енді тып-тыныш.
10. Сұрау белгісі мен леп белгісі қабаттаса қойылатын нұсқа
- A) Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын
 - B) Сен құрметте оны,
Түсіндің бе, қарағым
 - C) Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты
 - D) Кешегі елге қатер төнгенде
Ол жауға қарсы шапты
 - E) Барады қайда Не Қылмақ
Жаңартпақ қалай ескіні
11. Синоним болатын сөздер қатары
- A) жарық, қараңғы
 - B) жаман, жақсы
 - C) үлкен, кіші
 - D) шәкірт, оқушы
 - E) бүгін, ертең
12. Қатаң дауыссыздар қатары
- A) к,к,х
 - B) п,ф,в
 - C) ц,ч,ж
 - D) б,в,ф
 - E) с,т,д

13. Түбір сөздер қатары
- A) бақыт, тағдыр
 - B) достық, жолдастық
 - C) жұмысшы, хатшы
 - D) ақын, жазушы
 - E) бөлім, білім
14. Сапалық сын есімі бар мақал-мәтел
- A) Өнер өнерліге ғана оңай.
 - B) Өнер алды – қызыл тіл.
 - C) Өнерліге өлім жоқ.
 - D) Өнерліге есік ашық.
 - E) Өнерлі бала сүйкімді.
15. Үстеуден жасалған пысықтауыш
- A) Ол елуден асқан ұшақтың реактивтерін сынақтан өткізді.
 - B) Т.Әубәкіров 1991 жылы ғарышқа ұшты.
 - C) М.Айымбетов – Тоқтар ізін жалғастырушы.
 - D) Ол Қарағанды облысында дүниеге келген.
 - E) Ол қазір ғарыш агенттігінде жұмыс істейді.
16. Сөйлем соңында қосарлана қойылатын тыныс белгілері
- A) Қос нүкте, көп нүкте
 - B) Нүктелі үтір, сұрау белгісі
 - C) Сұрау белгісі, леп белгісі
 - D) Нүктелі үтір, сызықша
 - E) Көп нүкте, нүктелі үтір
17. Құрамында антоним кездесетін мақал-мәтел
- A) Адал дос жаныңды сақтайды.
 - B) Достың санына қарама, жанына қара.
 - C) Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам.
 - D) Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық.
 - E) Достыққа бірлік пен теңдік дәнекер.
18. Жіңішке әрі ашық дауыстылар қатары
- A) ә,ө,ұ
 - B) е,и,ө
 - C) ә,ө,е
 - D) о,ө,і
 - E) а,ә,о
19. Қатыстық сын есім
- A) Үлкен
 - B) Шеткі
 - C) Жасыл
 - D) Жуас
 - E) Ұзын

20. Пысықтауыш қатысқан сөйлем

- A) Марат маусым айынан бері жазғы демалыста болды.
- B) Нұрлан интернет тілін меңгерді.
- C) Қаражанның ашуы көз жасына айналды.
- D) Еламан алған кітаптарын тапсырды.
- E) Гүлбаршын оқулық мазмұнын баяндады.

***Инструкция:** Вам предлагаются тестовые задания на основе текста с выбором одного правильного ответа из пяти предложенных. Внимательно прочитайте текст и выполните задания. Выбранный ответ необходимо отметить на листе ответов путем полного закрашивания соответствующего кружка.*

Жастар мәселесінің түйіткілдері

1. Бүгінде жастар саясаты тәуелсіз Қазақстан елінің басты басымдықтарының бірі болып табылады. Жастарға айрықша көңіл бөлген мемлекет қана саяси және экономикалық табысқа жете алады. Жастардың инновациялық әлеуетін тиімді қолдана білген мемлекет стратегиялық артықшылыққа ие болады. Сондықтан да елімізде жастарды жалпы қоғамдық үдерістерге қосу мақсатында ынталандыру шаралары іске асырылып, олардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін мемлекеттік деңгейде жағдай жасалуда. Жастардың өсіп-өнуіне жан-жақты жағдай қарастырылуда.

2. Елімізде қазіргі таңда әр жас азаматтың толыққанды дамуына арналған жан-жақты тетіктер жасақталғандығы белгілі. Мәселен, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан, мемлекет жастар мен жас отбасылардың экономикалық ахуалын жақсарту мен табыс деңгейін көтеру, ұзақ мерзімді несие берудің кезеңдік жүйесін енгізу, экономикалық көмек түрлері арқылы білім алу мүмкіндігін кеңейту, іскерлік белсенділігін арттыру, тұрғын жайы мен үй шаруашылығын толыққанды жабдықтау үшін құқықтық, ұйымдастырушылық жағдай жасаудың барлық шараларын қолдануда. Мысалы, студенттерге жол ақысының жеңілдігінің қолданылуы, еліміздегі жас азаматтар мен жас отбасыларды жеңілдікті ипотекалық несиелеу, жас мамандарды жұмыспен қамтудағы жеңілдіктер, ауыл жастарына берілетін көпсалалы квота, ауылға барған жастарға көтерме көмектер, жетім балаларға және мүгедек жандарға көрсетілетін көмек түрлерін атап өтуге болады.

3. Жастарды, әсіресе, жұмыссыз, табысы аз, мүгедек, осал топтарға жататын санаттағы жастарды қоғам өміріне тарту мақсатында елімізде бірқатар заңдар қабылданып жатыр. Сондай заңның бірі – «Қазақстан Республикасы мен энергия тиімділігін арттыру бағдарламаларына және жастар корпусын дамытуға арналған бір донордың Траст қоры әкімшісі ретінде әрекет етуші Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы грант туралы (Жастар корпусын дамыту жобасы) келісімді ратификациялау туралы» ҚР Заңын Сенаттың жалпы отырысында палата депутаттары қабылдады.

21. Мәтіннің 2-азатжолының екінші сөйлемінде кездесетін шылаудың түр(-лер)і

- A) Қарсылықты жалғаулық, септеулік
- B) Болжалдық демеулік, септеулік
- C) Нақтылық демеулік, жалғаулық
- D) Себеп-салдар жалғаулық, демеулік
- E) Ыңғайлас жалғаулық, септеулік

22. Мәтінде көтерілген негізгі мәселе
- A) Жастарды жұмысқа тарту
 - B) Жастардың арасындағы жұмыссыздық
 - C) Жастарды қаржыландыру
 - D) Жастарды мемлекеттік қолдау
 - E) Жастардың мемлекетті қолдауы
23. Бірінші сөйлемде берілген үстеудің мағыналық түрі
- A) Мақсат
 - B) Мезгіл
 - C) Қимыл-сын
 - D) Мекен
 - E) Себеп
24. Жас мамандарға көрсетілетін жеңілдіктер
- A) Тегін пәтер беру
 - B) Жұмыспен қамту
 - C) Қаржылық көмек беру
 - D) Тегін оқыту
 - E) Шетелде тегін оқыту
25. Мәтіннің 1-азатжолының екінші сөйлеміндегі бірыңғай мүшелер
- A) Баяндауыш
 - B) Толықтауыш
 - C) Бастауыш
 - D) Анықтауыш
 - E) Пысықтауыш

Инструкция: Вам предлагаются задания, в которых могут быть один или несколько правильных ответов. Выбранный ответ необходимо отметить на листе ответов путем полного закрашивания соответствующего кружка.

В тестовых заданиях с выбором одного или нескольких правильных ответов количество правильных ответов может быть не более трех.

26. Жаңа сөз(-дер)

- A) саптыаяк
- B) ермексаз
- C) жайылым
- D) зергерлік
- E) тінтуір
- F) кіреуке
- G) патша
- H) кәсіп

27. Буын үндестігіне бағынбайтын сөз(-дер)

- A) дәрігерлік
- B) әкімшілік
- C) орталық
- D) әуежай
- E) аурухана
- F) емхана
- G) қалалық
- H) кәсіпқой

28. Ыңғайластық жалғаулық шылаулар қатысқан мақал-мәтел(-дер)

- A) Бөрі азығы мен ер азығы жолында.
- B) Шашу – оңай, жинау – қиын.
- C) Оқ жетпес жерге қылыш сұрама.
- D) Тіл жүйрік емес, ой жүйрік.
- E) Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді.
- F) Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді.
- G) Көптің қолы көкке жетеді.
- H) Жолдасы көптің олжасы көп.

29. Талғаулы салалас жасайтын жалғаулық(-тар) қатары

- A) немесе, бірақ
- B) бірде, біресе
- C) бірақ, сонда да
- D) өйткені, сол себепті
- E) немесе, не болмаса
- F) және, кейде
- G) не болмаса, сондықтан
- H) алайда, дегенмен

30. Қатыстық сын есім(-дер)
- A) қажетті
 - B) қоңыр
 - C) қонымды
 - D) қызық
 - E) қалалық
 - F) қара
 - G) қиын
 - H) қатал
31. Тура мағынада қолданылған мақал-мәтел(-дер)
- A) Өнер көзі – халықта.
 - B) Ата өнері – балаға мұра.
 - C) Жігіт адамға жеті өнер де аз.
 - D) Тіл қылыштан өткір.
 - E) Өнерпаздың он қолы бар.
 - F) Ел іші – алтын бесік.
 - G) Сөз атасы – құлақ, су атасы – бұлақ.
 - H) Өнерлі өрге жүзер.
32. Пысықтауыш қызметіндегі жалқы есім қатысқан сөйлем(-дер)
- A) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын алғаш рет тапқан – И.Беленицин.
 - B) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры талай шығармаға арқау болды.
 - C) Күмбез Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында орналасқан.
 - D) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының сюжеті А.С.Пушкинге ұнаған.
 - E) Қозы Көрпеш-Баян сұлу күмбезі X-XI ғасырда тұрғызылған.
 - F) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры лиро-эпостық жыр саналады.
 - G) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының халыққа әсері мол.
 - H) Шоқан Уәлиханов жырды 1856 жылы қағаз бетіне түсірген.
33. Жайылма, жақсыз сөйлем(-дер)
- A) Таулы алапта бұғы, тау ешкі, арқар мекен етеді.
 - B) Шоқан Уәлиханов «Жоңғария очерктерін» жазып шыққан.
 - C) Бұл жануарларды тегістік алапта да көруге болады.
 - D) Тау аралас алапта жолбарыс, барыс, жайран кездеседі.
 - E) Олар: таулы алап, тау аралас алап, тегістік алап.
 - F) Шоқан Уәлиханов асқан дарынды суретші болған.
 - G) Жоңғарияны үш алапқа бөлуге болады.
 - H) Жоңғариядағы жануарлар қазақ еліндегі жануарларға ұқсайды.
34. Жалқы есім(-дер)
- A) Аңшылық
 - B) Аспаз
 - C) Алатау
 - D) Атырап
 - E) Асхана
 - F) Ақыл
 - G) Айзере
 - H) Алтай

35. Жақсыз сөйлем(-дер)

- A) «Медеуден» «Шымбұлаққа» дейін аспалы жол бар.
- B) «Шымбұлақ» курорты Іле Алатауында орналасқан.
- C) Таудың керемет көрінісі туристерді осы жаққа тартады.
- D) Мұнда демалушылардың қауіпсіздігі қатаң қадағаланады.
- E) Жер бедері үстірт тәрізді көлбеу жазық.
- F) Қыс айында мыңдаған адамдардың осында демалғысы келеді.
- G) Шуақты күндері Шымбұлаққа мыңдаған демалушы келеді.
- H) Қысқы Азиада ойындары Шымбұлаққа екінші өмір сыйлады.

ТЕСТ ПО КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ ЗАВЕРШЕН